

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
ПСИХОЛОГИЯ, ПСИХИАТРИЯ ЖӘНЕ НАРКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

СӨЖ

Тақырыбы: Мінез жіктелуі

Орындаған: Мадияров А. Е

135 топ ЖМФ студенті

Тексерген: Жакишева Г. С

Қарағанды 2011жыл

Жоспар:

1. Мінез туралы жалпы ұғым.
2. Мінез бітістерінің түрлері.
3. Мінез түрлері мен типтерінің классификациясы.
4. Қорытынды.
5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.



Мінез туралы жалпы ұғым

Мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет. Мінез бітістері көп. Олардың бәрі де жеке адамның қасиеттері болып табылғанымен, кез-келгені мінез бітістері болып табылмайды.

Мінезді даралық өзгешеліктің өзегі, адамның негізгі тіршілік бағытының өрнегі деуге болады. Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез - кең мағыналы ұғым . Онда түрлі саналар тоғысып жатады. Мінездің моральдық жағынан тәрбиелігі, бірқалыптылығы, толықтылығы, күші мен айқындығы, салмақтылығы - оның негізгі сапалары болып табылады.

Моральдық жағынан тәрбиеленген мінез адамды мінез-құлық тұрғысынан да, оның айналасымен байланысы тұрғысынан да сипаттап отырды. Инабаттылық, гуманизм, адамдарға қамқорлық, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, өз міндетін орындаудағы жауапкершілік пен адалдық – мінездің осы сапасының негізгі компоненттері.

Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам деп айтуға болады.

Мінез адамның басқа психикалық қасиеттерімен, атап айтқанда, қабілет, темпераментімен тығыз байланысты. Адамда қабілеттіліктің дамуы кейбір мінез бітістерінің болуын қажет етеді. Мәселен, табандылық, уақытша сәтсіздікке мойымау, еңбек сүйгіштік, энтузиазм сияқты мінез бітістерінің қабілеттер үшін ерекше маңызды. Темперамент мінез бітістеріне өзіндік бояу, реңк береді. Мінезді қалыптастыруда ерік-жігердің қосар үлесі зор. Еркі күшті адамның мінезі де берік. Жігерсіз адамның мінезі де бос, сылбыр келеді.



Мінез бітістерінің түрлері

Мінез түрі өзінің құрамындағы бітістердің жалпы сипатына тәуелді келеді.

Мінез бітістері



Негізгі
(жетекші)

Қосалқы



- Негізгілері адамның бағыт-бағдарын айқындауға ықпалын тигізіп, яғни адамның тұрақты мінезінің сипатын береді.
- Қосалқы мінез бітістері негізгі бітістерді толықтыра түседі.

Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуы оның қоршаған дүниеге қатынасына байланысты. Бұл қатынастардың мәні адам араласып, байланысқа келген өмірлік объектердің маңызымен анықталады:

1. Басқа адамдармен қатынасына қарай (шыншыл-өтірікші, әдепті-дөрекі т.б)
2. Орындалатын іс қызметіне қарай (еңбекқор- еріншек т.б)
3. Өз басына болған қатынасына байланысты (шыншыл-өзімшіл т.б)
4. Заттарға қатынасынан (сақи-ашкөз, ұқыпты-салақ т.б)



Мінез типтері

1. Үйлесімді мінез типі;
2. Іштей қарама-қарсылықты, бірақ сырттай келісімді мінез типі;
3. Икемі кем, қарама-қарсылық мінез типі;
4. Тиянақсыз мінез типі;



1. *Үйлесімді мінез типі* – қоршаған ортаға икемділігімен ерекшелінеді. Мұндай мінезді адамда ішкі қарама-қарсылықтар болмайды, ойлаған ойы мен істеген іс бір-біріне сай келеді. Көпшіл, ерік күші мол, қайсар, бір сөзді. Өмірдің барша қиын жағдайларында таңдаған бағыт-бағдарынан қайтпайды, көзқарас, талғамын ауыстырмайды. Мақсат-мұраттары мен принциптері үшін күреске дайын. Бұл адамдардың өмір сүру тәсілі жағдайына бағыну емес, оны өз қалауына орай өзгерту.

2. *Іштей қарама-қарсылықты, бірақ сырттай келісімді мінез адамы.* Бұл типті адамның ішкі ниеттері мен сырт әрекет-қылығы арасында келіспеушілік бола тұрып, өзінің қоршаған ортамен қатынасында әлеумет талаптарына ыңғай береді, іс-әрекетін соларға бағындырып, үлкен күшпен орындайды. Өзін ерік билігінен мүлдем босатпайды, жан, ой дүниесін сырттай болмыс шындығынан ажыратпаудың жолдарын іздестіруге дайын тұрады. Қоғам мүшелері қабылдаған рухани құндылықтарды мойындайды, бірақ сыртқы жағдайларды өзгертуге ынталы емес.



3. *Икемі кем, қарама-қарсылық мінез адамы:* көңіл-күй, ниеттері мен әлеуметтік борыштары арасында үйлеспестік орын алған, шамданғыш, ұнамсыз эмоциялары басым, тілдесу қабілеті нашар дамыған, іс-әрекетін ақыл сарабына сала бермейді. *Бұл мінез адамдарына тән қасиет:* қоршаған дүниемен ара қатынасын нақты әрекет-қылық жүйесіне келтірмеген, өмір жүйесі қарапайым бағытты — тез өзгертіп тұратын қажеттері, олар пікірінше, қандай да күш жұмсамай-ақ бір сәтте қанағаттандырылуы тиіс.

Олар өмір үшін күреске дағдыланбаған, қажырсыз. Балалық шағында бұл адамдар шектен тыс мәпеленіп, төңірегіндегілердің орынсыз артық қамқорлығынан дербестік қалыпқа үйренбеген. Осыдан, әрқандай кедергілерден қорқады, ойланып, жол іздестіруге шамасы жетпейді. Қиыншылықтарды абыржумен қабылдап, ырықсыз психологиялық қорғаныстармен (қыңырлық, нәтижесіз армандау) айналып өтуге тырысады.



4. Тиянақсыз мінезді адам – бағыт-бағдарының тұрақсыздығынан, принциптік бостығынан төңіректегі жағдайға ыңғайшыл келеді. Жеке адмдық деңгейі төмен. Тұрақты мінез-кұлығы қаланбаған, осыдан барша іс-әрекетінде қоршаған ортаға ыңғайлану, қатынас адамдарына жағымпаздану бұл адамның бойына сіңген мінездік көрініс:

Мұндай адамдардың ішкі жан дүниесі дөрекі қарапайымдылыққа негізделген; тіршілік үшін болған әрекет-қимылы тіке, бірбеткей. Күнделікті күйбең мүдделеріне жетуде ойланып-толғануды білмейді, өз мүдделерін шектей алмайды. Олар үшін кедергі біреу-ақ - сыртқы; ішкі сапалық, жандүниелік қиыншылықтарды өлшестіруге ақылы жетпейді. Бар көдегені – мол, оңай олжа, бір мезеттік игілік. Бұл адамдардың барша ынта-ықыласы, нақты, қалыпты жағдайды пайдаланумен қажеттерін мейлінше толық қамтамасыз ету. Ыңғайласу, жағымпаздықпен ішкі дүниесін тысқы жағдайларға бағындыру – мұндайлардың негізгі мінездік болмысы.





Қорытынды:

МІНЕЗ-ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ҚҰҚЫҚ — ӘРЕКЕТІНДЕ, ТІЛ ҚАТЫНАСЫНДА ТҰРАҚТЫ ҚАЛЫПТАСАТЫН ДАРА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ.

МІНЕЗ НАҚТЫ АДАМНЫҢ ШЫНШЫЛ, АДАЛ, АҚКӨҢІЛДІЛІГІНЕ ОРАЙ СИПТТАЛМАЙДЫ, АТАЛҒАН САПАЛАР-ӘР ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРДА КӨРІНІС БЕРЕТІН ЖЕКЕ АДАМ ҚАСИЕТТЕРІ. АДАМ МІНЕЗІН БІЛЕ ОТЫРЫП, ОНЫҢ АЛДАҒЫ БЫҚТИМАЛДЫ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН ҚЫЛЫҚТАРЫН КҮНІ ІЛГЕРІ БАРЛАСТЫРУЫМЕН ОЛАРҒА ТИІСТІ РЕТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЕНДІРУГЕ БОЛАДЫ. МІНЕЗДІ АДАМНЫҢ ҚАНДАЙ ӘРЕКЕТКЕ КЕЛЕТІНІН ЖАҢЫЛМАЙ, ДӘЛ АЙТУҒА БОЛАДЫ.



Қолданылған әдебиеттер:

- *Сәбет Бап- Баба, Жалпы психология, Алматы-2005ж, Дарын баспасы*
- *Қ. Жарықбаев, Әдеп және жантану, Алматы-1996ж, Атамұра баспасы*
- *Л. Д. Столяренко, Основы психологии, Ростов-на-Дону, 2007г, Феникс*
- *Қ. Жарықбаев, Психология, Алматы-1994ж, Білім баспасы*

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!**

